

"Қазақстан халқына" ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы жұмысы туралы ақпарат

Қамқоршылық кеңесі 2024 жылғы 01 желтоқсанда:

1. **19 отырыс** өткізді, оның ішінде 18 бетпе-бет және 1 сырттай.
2. **83 мәселе қаралып**, шешімдер қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің 05.08.2024 жылғы бетпе-бет отырысы № 63 хаттама

1. Қоғамдық қордың бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселесі бойынша 2024 жылғы 15 шілдедегі Ішкі аудит қызметінің Аудиторлық есебі назарға алынды.
2. Жалпы сомасы 2 021 439 461 (екі миллиард жиырма бір миллион төрт жүз отыз тоғыз мың төрт жүз алпыс бір) теңгеге 86 тұрғын үй/пәтер салу үшін (авторлық және техникалық қадағалау қызметтеріне ақы төлеуді ескере отырып) Бұланды ауданының Капитоновка, Иванковка ауылдарында, Ақмола облысы Жарқайың ауданының Пригородное ауылында табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан (су тасқынынан) зардап шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қайырымдылық жобасы бекітілді.
3. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында "Қазақстан халқына" ҚҚ атқарған жұмысы туралы есеп назарға алынды.
4. "Қазақстан халқына" ҚҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің 19.08.2024 жылғы бетпе-бет отырысы № 64 хаттама

1. Жалпы сомасы 1 420 850 055 (бір миллиард төрт жүз жиырма миллион сегіз жүз елу мың елу бес) теңгеге Ақмола облысы Бұланды ауданы Журавлевка және Вознесенка ауылдарында 58 тұрғын үй / пәтер салу үшін (авторлық және техникалық қадағалау қызметтеріне ақы төлеуді ескере отырып) табиғи сипаттағы төтенше жағдайдан (су тасқынынан) зардап шеккен азаматтарға қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. "QH Қостанай облысы Жангелді ауданы Тауш ауылында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт залын орнату" қайырымдылық жобасы бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің 16.09.2024 жылғы бетпе-бет отырысы № 65 хаттама

1. "Қарағанды облысында аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықты жарактандыру" қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. "Еліміздің бірқатар өңірлерінде су тасқыны салдарынан төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету туралы" мәселесі бойынша Қамқоршылық кеңестің 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 55 шешіміне өзгерістер енгізілді.
3. Батыс Қазақстан облысында "QH Ауылдық кітапханалар базасында Жаңа Клуб/Жаңа Klub комьюнити-орталықтарын (қоғамдық орталықтарды) құру" қайырымдылық жобасын бекіту туралы" мәселесі бойынша Қамқоршылық кеңестің 2024 жылғы 13 мамырдағы № 57 шешіміне өзгерістер енгізілді.

**Қамқоршылық кеңестің 21.10.2024 жылғы бетпе-бет отырысы № 66
хаттама**

1. Қоғамдық қордың бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселесі бойынша аудиторлық есеп.
2. Аяқталған "QH Шарапат" қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.
3. "QH Демеу-Қарағанды" қайырымдылық жобасы бекітілді.
4. "QH 76 балалар спорт залы" қайырымдылық жобасын бекіту туралы" Қамқоршылық кеңестің 2023 жылғы 14 тамыздағы № 41 шешіміне өзгерістер енгізілді.

**Қамқоршылық кеңестің 04.11.2024 жылғы сырттай отырысы № 67
хаттама**

1. "QH "Шаңғымен ауылға" Ақмола облысының аудандарында шаңғы спортын дамыту" 2 кезең" қайырымдылық жобасы бекітілді.

**Қамқоршылық кеңестің 18.11.2024 жылғы бетпе-бет отырысы № 68
хаттама**

1. "QH Қарағанды облысындағы қосымша білім беру ұйымдарында STEM-оқытуды енгізу" қайырымдылық жобасы бекітілді.
 2. "QH Түркістан облысында аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықты жарақтандыру" қайырымдылық жобасы бекітілді.
 3. Аяқталған "QH Трансплантация үйлестірушілерін оқыту" қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.
-